

ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР

IADI, ХДСЖҚ	Халықаралық депозиттерді сақтандыру жүйесінің қауымдастығы (International Association of Deposit Insurers)
ҚБА, Қаржы бақылау агенттігі	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі
ҚРҰБ, Ұлттық Банк	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ДКБЖ, Жүйе	Депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесі
ҚДКБҚ, Қор	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
Заң	«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне орналастырылған депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру туралы» 2006 жылы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы, №169-III ЗРК

МАЗМҰНЫ

Қордың директорлар кеңесі төрағасының үндеуі	3
Қордың бас директорының үндеуі	4
2007 жылғы Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру жүйесі	5
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның қызметі	10
Қордың құрылымы	13
Салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу және мәжбүрлеп таратылған банкті тарату ісіне қатысу	14
Ақпараттық-түсіндіру науқаны	16
Нормативтік құжаттарды әзірлеу	17
Халықаралық ынтымақтастық	17
Перспективті талдамалар және қызметтің басым бағыттары	18
Аудитордың есебі және қаржылық есеп беру	20

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ, 2007 жыл



Мен «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ы үшін 2007 жылдың табысты аяқталғанын жариялау мүмкіндігі берілгеніне қуаныштымын.

Жалпы алғанда 2007 жыл кең филиал желісі және 115 мыңдай депозиторлары бар «Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамының мәжбүрлеп таратылуына байланысты отандық депозиттерге кепілдік беретін жүйе үшін елеулі сын болды. Депозиторлардың тізімін жасаған кезде туындаған қиыншылықтарға қарамастан Қор өзінің негізгі міндетін ойдағыдай іске асыра білді.

2007 жылғы 31 желтоқсанға депозиттер бойынша 62 мың салымшыға 13,8 млрд. теңге өтем төледі, депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемді төлеу жөніндегі міндеттемелерінің жалпы мөлшері 97%-дан астам болды.

«Валют-Транзит Банк» АҚ-ның салымшыларына өтем төлеу Қордың өтем төлеу резервін едәуір қысқартқандықтан Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қордың негізгі міндеті – депозиторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды орындау жөніндегі қаржылық тұғырнамасын күшейте түсу мақсатында оның жарғылық капиталын 1 млрд. теңгеден 16 млрд. теңгеге дейін өсіруге шешім қабылдады.

Қордың 2007 жылғы қызметінің нәтижелері арасында Қордың банк жарғыларының тәуекелдерінің құрылымы мен қаржылық тұрақтылығының деңгейіне қарай мөлшерлемелерін анықтау жөніндегі басым бағыттарының бірін іске асыруды ерекше атап өткім келер еді. Алынған нәтижелер республиканың қаржыны реттеуші органдары үшін қосымша ақпарат көзі болып табылды.

Қор биылғы есеп беру жылында Қордың жұмыс істеу қағидаларын айқын белгілейтін және акционердің, Қордың басқару органы мен басшылығының Корпоративтік басқару кодексін қабылдады.

Әлемдік ипотека дағдарысының елеулі зардаптарының бірі халықаралық капитал рыноктарында шеттен алып пайдалану шарттарының нашарлауы болып табылады. Сыртқы қор құру ісіндегі шектеулердің пайда болуы Қазақстан банктерінің өтімді қаржысының тапшылығына әкеліп соқтырды. Сыртқы факторлардың отандық қаржы жүйесінің жағдайына ықпал ету салдарларына баға берудің мезгілсіз екендігіне қарамастан дағдарысқа қарсы шаралар әзірлеу өте осы заманғы қадам болып табылады, олардың арасында депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесін күшейту неғұрлым маңызды нәрсе болып шығады.

Банктерді таратудың соңғы жағдайларынан алар сабақ депозиттерге міндетті түрде кепілдік берудің отандық жүйесін оның тәуекелдерін мейлінше азайту және төлем механизмдерін жетілдіру, проблемалы банктермен арадағы жағдайларды шешудің баламалы әдістерін пайдалану, жинақталған қаржы тапшы болған жағдайда қор құрудың қосымша көздерін іздеу бағытында одан әрі жетілдіру қажеттігін растайды. Бұл бағыттар Қордың таяудағы болашақтағы қызметінде басты бағыттар болып табылады және таңдаулы халықаралық практиканың тәжірибесіне негізделуге тиіс.

Құрметпен,
Медет Сартбаев,
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры»
АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
басқармасы төрағасының орынбасары

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті әріптестер!



Сіздердің назарларыңызға «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның 2007 жылғы қызметі туралы жылдық есепті ұсынамын.

2007 жылы Қор алдында тұрған міндеттердің қиыншылығына қарамастан Қор оларды ойдағыдай шеше білді.

2007 жылдың басты оқиғасы «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне орналастырылған депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының заңының күшіне енуі болды. Заңға сәйкес өтем сомасы 75%-ға өсіріліп, 700 000 теңге болды. Өтем сомасын заңды түрде көбейту нәтижесінде таратылған «Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамы салымшыларының 97%-ы депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемді толық мөлшерінде алды.

Қор өзінің басты мақсаты бір банк таратылған жағдайда кепілдік берілген өтемді уақтылы төлеп отыру арқылы салымшылардың мүддесін қорғау екенін жақсы түсінеді. Қордың осынау міндетін ойдағыдай және тиімді орындау ең алдымен қажетті ақша қаражатының болуына байланысты болады. Мәжбүрлеп таратылған «Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамы салымшыларына 2007 жылы 26 наурызда басталған кепілдік берілген өтемді төлеуге 14,2 млрд. теңге мөлшеріндегі соманы талап етті. Төлеу резервінің тапшылығын Қордың бірден бір Акционері – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі оны қосымша қаржыландыруы есебінен өтелді.

Қорды жеткілікті қаржыландыру сенімді көз болғанымен өтеу резервін толықтырып отырудың бірден бір көзі емес. Осыған байланысты банкрот болған банктің тарату массасынан салымшыларға өтем төлеуге бағытталған қаражаттың қайтарылуы төлем жасап отыру үшін ақша қаражатын қалпына келтірудің аса маңызды ресурсы ретінде қарастырылады. Осы мақсатты басшылыққа ала отырып, Қор «Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамын тарату комиссиясының жұмысына қатысты, нәтижесінде 2007 жыл ішінде 1,4 млрд. теңге немесе кепілдік берілген өтем сомасының салымшыларға он пайызы қайтарылды.

Қор есепті жылда сондай-ақ таратылған «Қазақстанның Наурыз банкі» акционерлік қоғамының салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеуді жалғастырды. Қордың талаптарын өтеу есебінен «Қазақстанның Наурыз банкі» акционерлік қоғамының тарату комиссиясы жалпы кепілдік берілген өтемнің төленген сомасының 63%-ы қайтарылды.

Соңғы төрт жыл ішінде Қор күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерінің жобасын жасап, қауырт жұмыс істеді. Оның басты мақсаты депозиттерге кепілдік беру жүйесі үшін және төуекел ету көрсеткіштері жоғары банктер үшін күнтізбелік жарналарды алудың неғұрлым жоғары мөлшерлемелерін белгілеу үшін қатысушы банктерді төуекел ету деңгейі бойынша ретке келтіру.

2007 жылдан бастап депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер міндетті күнтізбелік жарналарды «БАТА» сараланған мөлшерлемелер жүйесіне сәйкес төлеуде. «БАТА» жүйесі сондай-ақ банктердің төуекелдерін неғұрлым ертерек кезінде бағалауға мүмкіндік беретін белгілі бір индикативті құрал болып табылады.

Халықаралық депозиттерді сақтандыру жүйесі қауымдастығының мүшесі ретінде Қор оның зерделеуші талдамаларына, конференцияларына, семинарларына белсенді түрде қатысып келеді. Шетелдік әріптестермен ынтымақтастықтың арқасында Қор әлемдік озық тәжірибеге сүйене отырып, депозиттерге кепілдік берудің отандық жүйесін дамытуда.

Осынау мүмкіндікті пайдалана отырып, қолдау көрсетіп, ынтымақтастық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің, ҚР Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің басшылығына, Қордың Консультациялық кеңесінің мүшелеріне, Қазақстан Қаржыгерлері қауымдастығына, Қордың қызметкерлеріне, сондай-ақ халықаралық депозиттерді сақтандыру жүйесі қауымдастығындағы достарымыз бен әріптестерімізге терең ризашылық сезімін білдіргім келеді.

Құрметпен,
Бақыт Мәженова,
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
Бас директоры

A handwritten signature in black ink, appearing to be 'Bm' with a flourish.

2007 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІ

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы №393 қаулысы негізінде құрылған.

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның қызметі 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерді міндетті түрде сақтандыру туралы» ҚР заңымен реттеліп отырады.

Қор қызметінің негізгі мақсаты қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, банк жүйесіне деген сенімділікті қолдауға, Республика банктері депозиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, халықтың жинақ ақшасын қолдап отыруға қатысу болып табылады.

Қор аталған мақсат ауқымында Қазақстан Республикасының заңдарында өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтерді жүзеге асырады.

Депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің құрамы

2007 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 33 банк депозиттерді міндетті түрде сақтандыру жүйесіне қатысушы болды.

2007 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің ТІЗБЕСІ

1. «АЛЬЯНС БАНК» АҚ
2. «АТФ БАНК» АҚ
3. «БАНК КАСПИЙСКИЙ» АҚ
4. «ТҰРАНӨЛЕМ БАНК» АҚ
5. «ЦЕНТРКРЕДИТ БАНК» АҚ
6. «ДАНАБАНК» АҚ
7. «ДЕМИР ҚАЗАҚСТАН БАНК» АҚ
8. «ЕНШІЛЕС АКЦИОНЕРЛІК БАНК «ABN AMRO БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ
9. «ЕНШІЛЕС БАНК «АЛЬФА-БАНК» АҚ
10. «ЕНШІЛЕС БАНК «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ» АҚ
11. «ЕНШІЛЕС БАНК «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПӘКІСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ» АҚ
12. «ЕНШІЛЕС БАНК «ТАИБ КАЗАХСКИЙ БАНК» АҚ
13. «ЕВРАЗИЯ БАНК» АҚ
14. «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ
15. «ЗАМАН-БАНК» АҚ
16. «КАЗАХСТАН-ЗИРААТ ИНТЕРНЕТ-БАНК» АҚ
17. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКІ» АҚ
18. «КАЗИНВЕСТБАНК» АҚ
19. «КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ
20. «МАСТЕРБАНК» АҚ
21. «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАНК «АЛМА-АТА» АҚ
22. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ
23. «НҰРБАНК» АҚ
24. «СЕНИМ-БАНК» АҚ
25. «СИТИБАНК КАЗАХСТАН» АҚ
26. «БІРЛЕСКЕН БАНК «ЛАРИБА-БАНК» АҚ
27. «АЛМАТЫДАҒЫ ҚЫТАЙДЫҢ ТАУАР-ӨНЕРКӘСІП БАНКІ» АҚ
28. «ЦЕСНАБАНК» АҚ
29. «ЭКСПРЕСС БАНК» АҚ
30. «DELTA BANK» АҚ
31. «HSBC БАНК КАЗАХСТАН» АҚ-НЫҢ ЕНШІЛЕС БАНКІ
32. «СБЕРБАНК РОССИИ» АҚ-НЫҢ ЕНШІЛЕС БАНКІ
33. «ТҰРАН ӨЛЕМ БАНК» АҚ – «ТЕМІРБАНК» АҚ-НЫҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ

2007 жыл ішінде мәжбүрлеп таратылуына байланысты «Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамы қатысушы банктердің құрамынан шығарылып, Жүйеге «Мастербанк» акционерлік қоғамы қабылданды.

Депозиттер қабылдауға, жеке тұлғалардың банктік есепшоттарын ашуға және жүргізуге лицензиясы бар банктердің бәрі Жүйеге қатысушы болып табылады. Заңға сәйкес банктер Қордың директорлар кеңесі бекіткен Қосылу шартына бірігу туралы Қорға өтініш беру жолымен Жүйеге кіреді. Заң күшіне кірген кезде Жүйеге қатысушы болған банктердің бәрі өздерінің Жүйеге қатысуын растайтын Республиканың заңдарында көзделген іс-әрекеттерді уақтылы орындады.

Қатысушы банктердің жарналары

Заңға сәйкес Жүйеге қатысушы банктер міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналар төлеп тұрады.

Қатысушы банктердің жарна төлеу тәртібін реттеп отыру мақсатында Қор Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналар төлеу мөлшері мен тәртібін анықтау ережесін әзірледі.

2007 жылы «Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамының мәжбүрлеп таратылуына және оның депозиторларына кепілдік берілген өтем төлеуіне қарамастан қатысушы банктердің қосымша және төтенше жарналар төлеуінің қажеті бола қойған жоқ.

Қатысушы банктер міндетті күнтізбелік жарналарды тоқсан сайын төлеп тұрулары керек. Жоғарыда аталған ережеге сәйкес қатысушы банктер міндетті күнтізбелік жарналарды «БАТА» сараланған мөлшерлемелер жүйесі негізінде қатысушы банк Жүйе үшін ұсынатын қаржылық тұрақтылық пен төуекел деңгейіне қарай Қор белгілейтін сараланған мөлшерлемелер бойынша төлеуде. Жарналар мөлшерлемесін қатысушы банктердің жалпы жинақтау баллдарының мәнiне қарай тоқсан сайын белгілеп отырады. Жалпы жинақтау балы қатысушы банктің бұдан кейiнгi жетi кезеңдегi жалпы балының мәнiнен құралады, ол өз кезегiнде уәкiлеттi мемлекеттiк органдар мен қатысушы банктердiң мәлiметтерi негiзiнде есептелген қатысушы банктің сандық және сапалық индикаторларының мәнiнен құралады. Жалпы жинақтау балын есептеу нәтижелерi бойынша қатысушы банктің жiктелушi тобы және мiндеттi күнтізбелік жарнаның оған сай келетін мөлшерлемесі белгіленеді (1-кесте).

1-кесте

Қатысушы банктердің классификациялық топтары және міндетті күнтізбелік жарналардың мөлшерлемесі

Классификациялық топ	Жалпы жинақталған баллдың бастапқы мағынасы	Күнтізбелік жарнаның мөлшерлемесі (тоқсанда %)
A	140 балл ≤... < 165 балл	0,05
B	120 балл ≤... < 140 балл	0,10
C	100 балл ≤... < 120 балл	0,15
D	80 балл ≤... < 100 балл	0,25
E	0 балл ≤... < 80 балл	0,50

Қордың «БАТА» сараланған мөлшерлемелер жүйесін енгізудегі негізгі мақсаты қатысушы банктер міндетті күнтізбелік жарналарды қатысушы банктің қаржылық жағдайы мен олар жүргізіп отырған саясаттың агрессияшылдығының деңгейіне қарай төлеуінің әділетті жүйесін енгізуі болды. Қор сондай-ақ Жүйе үшін сақтандыру жағдайының ықтималдық дәрежесі мен Қордың әлеуетті міндеттемелерінің көлемін белгілеу үшін алынған есептердің нәтижелерін пайдаланады.

2-кесте

2007 жылғы топтарға және тоқсанға бөлу бойынша қатысушы банктердің саны

Классификациялық топ	1-тоқсан		2-тоқсан		3-тоқсан		4-тоқсан	
	саны	%-да	саны	%-да	саны	%-да	саны	%-да
A	1	3%	1	3%	1	3%	1	3%
B	2	6%	2	6%	1	3%	1	3%
C	11	34 %	9	28%	10	31%	11	33%
D	14	44%	16	50%	17	53%	16	48%
E	4	13%	4	13%	3	9%	4	12%
Барлығы	32	100%	32	100%	32	100%	33	100%

2-кестеден көрініп отырғанындай банктерді жіктелген топтар бойынша бөлу 2007 жыл ішінде кәдімгідей тұрақты күйде болды. «А» тобында бүкіл есепті жыл ішінде бір ғана банк болды. 2007 жылдың екінші жартысында бір банк «В» тобынан «С» тобына көшті. Жалпы, 2007 жыл ішінде «А» және «В» таңдаулы топтарында тек 3 банк берік тұрақтап қалды.

Неғұрлым тәуекелді «Е» тобының 3 банктен тұратын құрамы жыл ішінде өзгеріске ұшыраған жоқ, бұл кезде 4 банк 3-тоқсанда «D» тобына көшті, өйткені капиталы мен өтімділігінің сапасын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер жақсара түскен болатын. 4-тоқсанда басқа бір банк банк менеджментінің нашарлауына байланысты қиыншылықтардан «D» тобынан «E» тобына көшті.

2007 жылы ең көп санды және тұрақты топтар «С» және «D» топтары болды. Банктер арасында негізгі қозғалыс осы екі топтың арасында байқалды. Бір топтан екінші топқа өту банктер қызметінің қаржылық көрсеткіштерінің («БАТА» жүйесінің сандық индикаторларының) өзгеруі себебінен де және де банктердің қызметінде олардың пруденциалдық және өзге де нормативтердің бұзылуына, жекелеген банктерге мемлекеттік санкциялар мен ықпал етудің шектеулі шараларын қолдануына байланысты бір жолғы жағымсыз құбылыстарға да байланысты орын алып келді. Көптеген банктердің жағдайына 2007 жылдың ортасында қалыптасқан әлемдік қаржы рыноктарындағы жағдай және оның артынша халықаралық рейтинг агенттіктерінің Қазақстанның көптеген банктерінің рейтингтерін қайта қарауы елеулі ықпал етті.

Қордың арнаулы резерві

Заңға сәйкес Қор жинақтау негізінде мәжбүрлеп таратылған банктердің депозиторларына кепілдік берілген өтем төлеуге арналған арнайы резерв жасайды.

Қордың арнайы резервін жасаудың негізгі көздері мыналар:


- қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналары;
- Қордың активтерін инвестициялаудан түсетін кірістер;
- мәжбүрлеп таратылған банктің төленген кепілдік берілген сома бойынша Қордың талаптарын қанағаттандыруы есебінен алынған ақша;
- Қордың жарғылық капиталы мөлшерінің елу пайызы шегіндегі қаржысы.

2007 жылы қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының аударылған сомасы 10 684,5 млн. теңге болды, бұл 2006 жылға қарағанда 252% немесе 7 649 млн. теңге көп (1-кесте). Қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының жалпы сомасы 2000–2007 жылдары 21 182,2 млн. теңге болды.

Міндетті күнтізбелік жарналардың 2007 жылы түсуінің мұншалықты елеулі өсуі депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру саласындағы заңдардың өзгеруі, атап айтқанда депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру объектілерінің тізбесін кеңейтуден болды – 2007 жылдың қаңтарынан бастап жеке тұлғалардың депозиттерінің бәрі депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру объектісі болып табылады, және де тиісінше кепілдік берілген депозиттердің базасы ұлғая түседі. Осының негізінде қатысушы банктер міндетті күнтізбелік жарналарды есептейді. Оның үстіне қатысушы банк-тер аударған жарна сомасының өсуі 2007 жылы жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесіне көшудің арқасында мүмкін болды.

Депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру объектілерінің тізбесін кеңейту депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесін оңайлату, оның ауыспалылығын арттыру, қатысушы банктер міндетті күнтізбелік жарналарды есептеген және төлеген кезде айла-шарғы жасау мүмкіндігін азайту мақсатын көздейді. Екінші жағынан осы аталған кеңейту 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап кепілдік берілген өтем мөлшерін 400 мың теңгеден 700 мың теңгеге дейін өсірілгенін ескерер болсақ, Қордың кепілдік берілген өтемді (өтемнің жинақталған сомасын) төлеу жөніндегі жинақталған шартты міндеттемелерін едәуір өсіре түсті. Оның өсімі 35,5%, болды, 2006 жылғы 276 548 млн. теңгеден 2007 жылы 374 716 млн. теңгеге жетті.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарнасының төленуі мен түсуінің жиынтық сомасы




* Диаграмманы құрған кезде дұрыс мәліметтердің түсуі бойынша, аудару әдісін пайдалануға байланысты қаржы есебіне сәйкес келетін деректер пайдаланылды.

2-кестеден көрініп отырғандай, 2003–2006 жылдар аралығында Қордың арнаулы резервінің басты есуі бай-қалады. Таратылған «Наурыз банкі» акционерлік қоғамы депозиторларының салымдары бойынша кепілдік берілген өтем 772 млн. теңге болды және Қордың арнаулы резервінің мөлшеріне онша әсер ете қойған жоқ.

2006 жылы 12 млрд. теңге деңгейіне жеткен арнаулы резервті Қор 2007 наурыз-сәуір айларында бірнеше траншпен мәжбүрлеп таратылған «Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамы депозиторларының кепілдік берілген өтемін төлеуге толық жұмсады. 2007 жыл ішінде Қор таратылған «Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамы депозиторларының салымдары бойынша 13,8 млрд. теңге кепілдік берілген өтем төледі. Арнаулы резервтің пайда болған тапшылығы қатысушы банктердің кезекті міндетті күнтізбелік жарналарының түсуі есебінен қаржыландырылды.

Қордың төлем қабілетін қалпына келтіру және оның арнаулы резервін толықтыру мақсатында Қордың бірден бір акционері болып табылатын Ұлттық Банк 2007 жылы оны қосымша қаржыландырды. 2007 жылдың шілде айында 5 млрд. теңгеге және сол жылдың желтоқсан айында тағы да 10 млрд. теңгеге қаржыландырды. Сөйтіп, Қордың жарғылық капиталы 2007 жыл ішінде 16 есе – 1 млрд. теңгеден 16 млрд. теңгеге дейін өсті.

Қордың арнайы резерві, 2003-2007 жылдар




Қордың инвестициялық қызметі


Заңға сәйкес Ұлттық Банк Қордың активтерін инвестициялау тәртібін белгілейді, сондай-ақ Қордың активтерін сенімді басқарушы болып табылады. Активтерді орналастыру Депозиттерге міндетті түрде кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның активтерін инвестициялау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Жедел инвестициялық шешімдер қабылдау және Қордың сенімді басқарушысына қаржы рыноктарындағы қалыптасқан жағдайды, Қордың активтерін инвестициялау үшін рұқсат етілген қаржы құралдары бойынша кірісті, республикадағы инфляция деңгейін ескере отырып, тиісті нұсқаулар әзірлеу мақсатында Қорда тұрақты негізде Инвестициялық комитеті жұмыс істейді. Жоғарыда көрсетілген ережелерге сәйкес Қордың активтерін инвестициялау кезінде негізгі мақсат олардың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Осыған орай Қор активтерінің негізгі бөлігін тәуекел деңгейі төмен қаржы құралдарына, атап айтқанда Қазақстан Республикасының және белгілі бір рейтингтік деңгейі бар шет мемлекеттердің мемлекеттік құнды қағаздарына, сондай-ақ Ұлттық Банктің ноттарына орналастырылады. Қор активтерінің кірістілігін арттыру және оның инвестициялық қызметі барысында пайда болатын валюта тәуекелдерін хеджирлеу мақсатында активтердің бір бөлігі агенттік құнды қағаздарға және шетел валютасымен, қаржы құралдарына, оның ішінде жетекші шетел банктерінің депозиттеріне орналастырылады. Қордың инвестициялары бойынша орташа кірістілік есепті жылда 6,7% болды.

2006 және 2007 жылдардағы Қор қоржынының құрылымы

31.12.2006 ж. жағдай бойынша



31.12.2007 ж. жағдай бойынша





**Әнуар Ғалимоллаұлы
САЙДЕНОВ**

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің
төрағасы

Заңға сәйкес Қордың Жоғары басқару органы – бірден бір Акционер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі болып табылады. Акционер Қордың басым бағыттары мен стратегиялық қызметтерін, оның бюджетін, активтерді инвестициялау тәртібін белгілейді, Директорлар кеңесі мүшелерін сайлайды және Бас директорды тағайындайды. Акционер Қордың таза кірісті бөлу мен резервті капиталды пайдалану тәртібіне қатысты мәселелерді шешеді, Қор акцияларын тарату мен оларды сатып алу туралы шешім қабылдайды, қаржы есебінің көлемін, тәртібін және мерзімін анықтайды, Қордың ішкі қызметін реттейтін құжаттар мен жылдық қаржы есебін бекітеді.

ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі – Қазақстан Республикасының заңдарында және Қордың Жарғысында Акционердің ерекше құзырына жатқызылған мәселелерді шешуден басқа Қордың қызметіне жалпы басшылық жасайтын басқару органы. Бұл орган Қордың ұзақ мерзімге арналған қызметінің негізгі бағыттарын белгілейді.

Директорлар кеңесі нарықтық жағдайды және Қордың қаржы-шаруашылық қызметіне ықпал ететін басқа факторларды ескере отырып, бекітілген басым бағыттарды Қордың қадағалауын әділ бағалап отырады.



**Медет
Мақсұтұлы
Сартбаев**

Қордың Директорлар Кеңесінің Төрағасы

Халық Банкі Төрағасының орынбасары



**Дәулет
Еділұлы
Ергожин**

Қазақстан
Республикасы
қаржы
вице-министрі



**Елена
Леонидовна
Бахмутова**

Қаржыны
қадағалау
агенттігінің
төрағасы



**Серік
Ахметжанұлы
Ақанов**
«Қазақстан
қаржыгерлері
қауымдастығы»
заңды тұлғалар
бірлестігі
Кеңесінің
төрағасы



**Бақыт
Мұрсалімқызы
Мәженова**

Қордың
Бас
директоры

ҚОРДЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ

Жарғыға сәйкес Қордың бірден бір атқарушы органы Қордың Бас директоры болып табылады.

Қордың Консультативтік кеңесі

Қор Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуіне байланысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдаған кезде, осыған орай барлық қатысушы банктердің ортақ пікірін талдаған кезде Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің мүддесін барабар қорғау мақсатында Қордың жанынан тұрақты негізде Консультативтік кеңес жұмыс істейді.

Консультативтік кеңес өз жұмысында Жүйенің жұмыс істеу мәселелері бойынша нұсқаулар әзірлеуге ұмтылып отыратын Қордың Консультативтік органы болып табылады.

Консультативтік кеңес Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің өкілдерінен құралады. Олар жылына бір рет өткізіліп тұратын қатысушы банктердің бәрінің жалпы жиналысында дауыс беру нәтижесі бойынша сайланады.

2007 жылы Консультативтік кеңестің құрамына 16 банк кірді.

БАНК МҮШЕЛЕРІНІҢ КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ТІЗІМІ

1. «АЛЬЯНС БАНК» АҚ
 2. «АТФ БАНК» АҚ
 3. «ТҰРАНӨЛЕМ БАНК» АҚ
 4. «БАНК КАСПИЙСКИЙ» АҚ
 5. «БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» АҚ
 6. «ЕНШІЛЕС БАНК «ТАИБ КАЗАХСКИЙ БАНК» АҚ
 7. «ЕНШІЛЕС АКЦИОНЕРЛІК БАНК «ABN AMRO БАНК КАЗАХСТАН» АҚ
 8. «ЕВРАЗИЯ БАНК» АҚ
 9. «ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ
 10. «КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ
 11. «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
 12. «НҰРБАНК» АҚ
 13. «ЦЕСНА БАНК» АҚ
 14. «ЭКСПРЕСС БАНК» АҚ
 15. «БАНК ТУРАН АЛЕМ» – АО «ТЕМІРБАНК» АҚ-НЫҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ
 16. «СБЕРБАНК РОССИИ» АҚ-НЫҢ ЕНШІЛЕС БАНКІ
- «ҚАЗАҚСТАН ҚАРЖЫГЕРЛЕРІ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ»
(ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ БАҚЫЛАУШЫ)

Консультативтік кеңестің төрағасы болып «Цесна банк» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары М.Б. Алдашов сайланды.


2007 жылдың желтоқсан айында Жүйеге қатысушы банктердің жалпы жиналысының шешімімен Консультативтік кеңеске мүше банктердің саны 10 банкке дейін қысқартылды. Консультативтік кеңестің жаңа құрамына мыналар кірді: «Альянс Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Банк ТұранӨлем» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «ТАИБ Казахский Банк» ЕБ АҚ, «Евразийский банк» АҚ, «Казкоммерцбанк» АҚ, «Қазақстанның Халық банкі» АҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Цесна Банк» АҚ.

Консультативтік кеңесінің мәжілісінде 2007 жылы 24 желтоқсанда дауыс беру нәтижесі бойынша Консультациялық кеңестің төрағасы болып «Банк ЦентрКредит» АҚ Бөлшек бизнес департаментінің басқарушы директоры М.Т. Кенжеханов сайланды.

ҚОРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қордың төрт бөлімі бар:

- методология және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі;
- проблемалы банктермен жұмыс жүргізу бөлімі;
- статистика және банктерге талдау жасау бөлімі;
- қаржы-әкімшілік бөлімі.



Статистика және банктерге талдау жасау бөлімінің негізгі міндеттері: қатысушы банктердің сараланған топтарын және оларға сәйкес міндетті күнтізбелік жарналарының мөлшерлемелерін белгілеу және қатысушы банктерге уақтылы хабарлап отыру, қатысушы банктер, Ұлттық Банк және Қаржы бақылау агенттігі беретін есептерді өңдеу және талдау жасау, Қордың және мемлекеттік реттеуші органдардың басшылығы үшін ақпараттық-талдау материалдарын дайындау, бұқаралық ақпарат құралдарына жарияларымдар әзірлеу, жұртшылықты Жүйенің жұмыс істеу ерекшеліктері жайында хабардар етіп отыру, Халықаралық депозиттерді сақтандыру жүйесінің қауымдастығымен (IADI) жұмыс жүргізу және басқа мәселелер.

Методология және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің негізгі міндеттері: Қордың қызметін құқықтық қамтамасыз ету, оның құқықтары мен зағды мүдделерін қорғау, методологиялық жұмыс жүргізу, Қордың Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарын Қордың сақтап отыруына бақылау жасау, мемлекеттік органдар мен сотта талап-арыз жұмыстарын жүргізу және мүддесін қорғау, мәжбүрлеп таратылған қатысушы банктің салымшыларына кепілдік берілген өтем төлеу ісіне бақылау жасау, Қор қызметінің мәселелері бойынша депозиторлармен заң консульта-цияларын өткізу және басқа мәселелер.

Проблемалы банктермен жұмыс жүргізу бөлімінің негізгі міндеттері: Жүйеге қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату барысында Қордың мүдделерін қорғау; қатысушы банктің жұмысын доғаруға және оны барлық банктік операцияларды жүргізу лицензиясынан айыруға байланысты банктің уақытша әкімшілігінің құрамына, мәжбүрлеп таратылған қатысушы банктің тарату комиссиясы мен кредиторлары комитетінің қатысу; мәжбүрлеп таратылған қатысушы банктің депозиторларының тізбесін және Қор көрсетілген депозиторларға төлеуге тиісті кепілдік берілген өтемнің есебін әзірлеу, басқа да мәселелер.

Қаржы-әкімшілік бөлімінің негізгі міндеттері: бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және жүргізу; Қордың активтерінің ұтымды әрі тиімді пайдаланылуын және меншікті мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету; Қордың активтерінің орналасуына бақылау жасап отыру; Қорға қажетті тауарларды (жұмысты, қызметті) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру; Қордың активтері мен міндеттемелерін түгендеу; Қордың уәкілетті мемлекеттік органдарға қаржылық, статистикалық және салық есептерін әзірлеу және жіберу және басқа да мәселелер.

САЛЫМШЫЛАРҒА КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ МӘЖБҮРЛЕП ТАРАТЫЛҒАН БАНКТІ ТАРАТУ ІСІНЕ ҚАТЫСУ

Мәжбүрлеп таратылған банктің салымшыларына кепілдік берілген өтем төлеу

«Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамын мәжбүрлеп тарату туралы Қарағанды қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі күшіне енуіне байланысты Қор аталған банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу үшін агент-банк таңдау жөнінде конкурс өткізді. Конкурстың нәтижелері бойынша «ТұранӘлем Банкі» АҚ жеңімпаз деп танылып, 2007 жылдың 26 наурызынан бастап мәжбүрлеп таратылған «Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамының депозиторларына кепілдік берілген өтем төлене бастады.

«Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамының тарату комиссиясы ұсынған депозиторлар тізбесі мен банктің кепілдік берілген өтем алуға тиісті салымшылардың саны 115 мың адамдай, ал кепілдік берілген өтем сомасы шамамен 14,2 млрд. теңге болды.

2007 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 62 мыңнан астам салымшыға жалпы сомасы 13,8 млрд. теңге болатын кепілдік берілген өтем төленді, бұл Қордың осы аталған банк салымшылары алдындағы міндеттемелерінің жалпы сомасының 97 пайызынан асады.

Есепті жыл бойы мәжбүрлеп таратылған «Наурыз банк» акционерлік қоғамының салымшыларына «ТұранӘлем Банкі» АҚ арқылы, сондай-ақ осы банктің кепілдік берілген өтем төлеу жөніндегі агент-банкі арқылы кепілдік берілген өтем төленіп отырды.

Мәжбүрлеп таратылған «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның тарату комиссиясына қатысу

Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларына және АФН шешіміне сәйкес Қордың өкілдері «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның уақытша әкімшілігінің құрамына, ал кейіннен тарату комиссиясының құрамына кіргізілді. 2007 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қордың 5 қызметкері осы аталған банктің тарату комиссиясының мүшелері болып табылады және тарату комиссиясы қызметінің мынадай салаларын қамтиды: Қорға депозиторлардың тізбесін және депозит бойынша кепілдік берілген өтем есебін беру жұмысын, оның ішінде оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу жұмысын ұйымдастыру; банктің мүлкінің сақталуын және сатылуын бақылауды қамтамасыз ету; банктің заңсыз әкетілген мүлкін анықтау және қайтару; тарату комиссиясының қызметін құқықтық қамтамасыз ету, оның ішінде бірқатар қылмыстық және азаматтық істер жөніндегі сот мәжілістеріне қатысу, талап-арыз жұмысын жүргізу; банкке борышкерлердің қарыз бойынша міндеттемелерін уақтылы төлеуін бақылау, сондай-ақ міндеттемелерінің мерзімі өтіп кеткен борышкерлерді анықтау.


Қор қызметкерлерінің тарату ісіне белсене қатысуының нәтижесінде «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның тарату комиссиясы 2007 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қордың талаптарын өтеу есебіне шамамен 1,4 млрд. теңге аударды, бұл банк төлейтін кепілдік берілген өтем бойынша Қордың талаптары сомасының 10 пайызы болады.

Мәжбүрлеп таратылған «Наурыз банк» АҚ-ның тарату комиссиясына қатысу

«Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамының барлық банк операцияларын жүргізетін лицензияларынан айрылуына байланысты, сондай-ақ Қордың «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның және «Қазақстанның Наурыз банкі» АҚ-ның тарату комиссияларына қоятын талаптарының көлемін ескере отырып, Қор мәжбүрлеп таратылған «Қазақстанның Наурыз банкі» акционерлік қоғамының тарату комиссиясының құрамынан өзінің барлық қызметкерлерін шақырып алып, оларды жағадан таратылған банктің уақытша әкімшілігінің құрамына жіберді.

2007 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктің тарату комиссиясы Қордың талаптарын өтеу есебіне 517,3 млн. теңге, оның ішінде 2007 жыл ішінде – 424,6 млн. теңге аударды.

Таратылған банктердің салыстырмалы талдауы


**Депозиторларды қорғау және басқа қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттер**

Заңда жеке тұлғалы депозиторларға жүйеге қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда шектеулі кепілдік берілген өтем төлеу көзделген. 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап жеке тұлғалардың барлық депозиттеріне Заңға сәйкес кепілдік берілді, ал кепілдік берілген өтемнің ең көп сомасы қатысушы банктің бір салымшысына есептегенде 400 мың теңгеден 700 мың теңгеге дейін өсті.

2007 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Жүйеге қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттерінің жалпы сомасы 1 447 850 млн. теңге болды.

Қосылу шартына сәйкес қатысушы банктер Қорға беретін есепке жасалған талдау банктерде ашылған барлық есепшоттардың 98,8 пайызын (375 млрд. теңгеден астамын) Қор толық мөлшерінде өтеуге тиіс (баламасы теңгемен 700000-ға мыңға дейінгі депозиттер), бұл қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттерінің жалпы сомасының шамамен 26% болады.

15

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің 1999–2007 жылдар өсу серпіні

Қор жұртшылықтың хабардар болып отыруына көп көңіл бөледі. Халықаралық депозиттерді сақтандыру қауымдастығына кіргенге дейін және одан кейін Қордың бюджеті жұртшылықты хабардар етіп отыруға бағытталған бір жылға арналған елеулі шығынды әрдайым көздеп отырады.

Жарнама науқаны ауқымында Қордың ақпараттық-түсіндіру жұмысы:

- республикалық және аймақтық баспа басылымдарында мақалалар мен ақпараттық хабарлар жариялау арқылы;
- Қор басшылығының қатысуымен республикалық телеарналарда жаңалық бейнесюжеттерін көрсету, баспасөз конференцияларын өткізу арқылы;
- республикалық радиостанциялар мен телеарналардан аудио және бейнероликтер беру арқылы;
- «Шұғыл байланыс» ақпараттық-түсіндіру акциясын өткізу арқылы;
- банк салымшылары үшін ақпараттық буклеттер шығару арқылы;
- Қордың корпоративтік сайты Интернет желісіне қосу арқылы жүргізілді.

«Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің күшіне енуі және оның салымшыларына кепілдік берілген өтем төлене бастауы Қордың 2007 жылғы ақпараттық-түсіндіру жұмысының негізгі бағыттарын белгілеп берді.

Қордың басшылығы осы тақырыптарға арналған бірқатар баспасөз конференцияларына қатысты, сондай-ақ банкрот болған банктің салымшыларына кепілдік берілген өтем төлене басталуына, тәртібі мен мерзіміне қатысты бірнеше жаңалық сюжеттер көрсетілді.

Мұнымен қатар Қордың осы банкті тарату ісімен шұғылданған жетекші қызметкерлері жыл бойы банкті тарату ісіне, ондағы тарату үрдісінің жай-күйіне, мүліктік жағдайына және банктің кредиторларымен есеп айырысу мүмкіндігіне қатысты сұхбаттар берумен болды.

2007 жылы Қор журналдарда, республикалық және аймақтық газеттерде мемлекеттік тілде және орыс тілінде көптеген жарияланымдар мен ақпараттық хабарлар орналастырды.

Қордың жұртшылықтың хабардар болуын арттыру жөнінде жыл сайын күзде өткізілетін науқанының дәстүрлі нысандарының бірі – «Шұғыл байланыс» ақпараттық-түсіндіру акциясы болды. 2007 жыл ішінде Қор «Шұғыл байланысты» екі рет өткізді.

2007 жылдың сәуір айында «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның салымшыларын Қордың кепілдік берілген өтем төлей бастауы мен тәртібінен хабардар ету үшін «Шұғыл байланыс» ақпараттық-түсіндіру акциясы өткізілді. Мемлекеттік тілде және орыс тілінде бейнероликтер әзірленіп, республикалық телеарналардан көрсетілді, сондай-ақ республикалық радиостанциялардан мемлекеттік тілде және орыс тілінде аудиороликтер берілді.

2007 жылдың қазан айында «Шұғыл байланыстың» жоспарлы акциясы өткізілді. Осы акция өткізілген кезде 200 қоңырау шалынды.

Осы акцияның ауқымында Қордың мамандары банк салымшыларының сұрақтарына арнайы бөлінген телефон номері бойынша жауап берді, ал республика бойынша Қордың респонденттері үшін қоңырау шалу тегін болды. Осындай акциялар барысында алынған деректерді пайдалана отырып, Қор банктің салымшыларының депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесі жайында хабардар болып отыру деңгейінің серпініне үнемі талдау жасап отырады. «Шұғыл байланыс» акциясы шеңберінде Қорға берілген сұрақтарға жасалған талдау нәтижелері бойынша Қор Жүйенің жұмыс істеу тәртібіне қатысты неғұрлым жиі берілген сұрақтарға жауаптардың қатысушы банктердің салымшыларына арналған кезекті ақпараттық буклетін дайындады. Осы буклеттің үлкен таралымын Қор банктердің фронт-кеңселері мен операциялық залдары арқылы банктердің салымшыларына таратуы үшін қатысушы банктерге тегін таратты.

Қор телефон арқылы хабарласқан банктердің салымшыларына тұрақты негізде түсіндіру жұмысын жүргізіп келеді.

Салымшылар мен банктер арасындағы түсіндіру жұмысының бір бөлігі Қордың корпоративтік веб-сайты арқылы жарияланымдар мен ақпараттық хабарлар орналастыру жолымен, сондай-ақ «Кері байланыс» – Қорға электрондық почта арқылы жүргізілуде.

НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР ӘЗІРЛЕУ

Заңның нормаларын іске асыру мақсатында Қор Жарғысының жаңа редакциясы қабылданды. Онда Қорға заңда жүктелген міндеттер мен қызметтер, сондай-ақ Қор басқармасы органдарының өзгерген өкілеттіктері көрініс тапқан.

Қор қызметінің тиімділігін арттыру, Акционер, Қордың өзге де органдары мен лауазымды адамдары арасындағы қарым-қатынастарының, сондай-ақ Қордың үшінші тұлғалармен қарым-қатынастарының іскерлік этикасының биік деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Қор 2007 жылы Корпоративтік басқару кодексін әзірледі. Кодекс Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне сәйкес, сондай-ақ корпоративтік басқарудың қазақстандық және әлемдік практикасын және Қордың дамуының ағымдағы кезеңіндегі қызметінің нақты шарттарын ескере отырып әзірленді. Ол Қорды басқару барысында қолданылатын негізгі қағидалар мен ережелерді, сондай-ақ қор органдарының жұмыс істеуі мен шешімдер қабылдау тәртібін белгілейді.

Қор Қаржы бақылау агенттігімен бірлесе отырып, Мәжбүрлеп таратылған банктің дебиторлық берешек жөніндегі міндеттемелері мен талап ету құқықтарының, мүлкінің бір бөлігін басқа банкке (басқа банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияларды өткізу ережесін әзірлеуге қатысты.

Қор қатысушы банктердің кепілдік берілген депозиттерді автоматты есеп жүргізу жөніндегі нысан мен талапты әзірлеп, Қордың Директорлар кеңесінде бекітіп, қатысушы банктерге жеткізді. Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен қатысушы банктер өздерінің компьютерлік ақпараттық жүйелерін белгіленген талаптарға бейімдеуге міндетті болатын мерзім белгіледі.

2007 жылы Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мерзімі мен тәртібін белгілеу ережесіне оны Республиканың заңнамасындағы өзгерістерге бейімдеу мақсатында өзгерістер енгізілді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Қор 2003 жылдың сәуір айынан бері Халықаралық депозиттерді сақтандыру қауымдастығына қатысушы болып табылады (www.iadi.org).

2002 жылы ұйымдастырылған Халықаралық депозиттерді сақтандыру жүйесінің қауымдастығы Швейцария заңнамасына сәйкес коммерциялық емес ұйым ретінде бекітілген. Қауымдастық – жеке заңды тұлға, тұрақты мекен-жайы Базель қаласы, Швейцария. ХДСЖҚ -ның мақсаты – қаржы жүйелерінің тұрақтылығына жәрдемдесу. Ол депозиттерді сақтандыру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты ілгері жылжыта отырып, депозиттерді сақтандырушылар мен басқа да мүдделі жақтардың арасындағы кең халықаралық байланыстарды қолдап отыру. ХДСЖҚ-ның мүшелері АҚШ, Франция, Канада, Ресей, Жапония, Корея, Малайзия, Тайвань, Бразилия және т.б. әлемнің 52 елі кіреді.

ХДСЖҚ-на мүше болу Қордың шетелдік ұйымдармен ынтымақтастығын кеңейтуге, тиімді тәжірибе алмасуға және депозиттерді сақтандыру жүйесін жетілдіру жөнінде нұсқаулықтар алуға жәрдемдеседі, сондай-ақ қаржы қауіпсіздігі жүйесінің, ертерек назар аудару және проблемалы қаржы институттарын дер кезінде анықтау жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйесін құру саласында Қордың әлемдік тәжірибеге кіруіне мүмкіндік береді.

Қордың бас директоры ХДСЖҚ-ның Казначейі болып табылады және оның Атқару Комитетінің құрамына кіреді. ХДСЖҚ-ның Казначейі ретінде Қордың өкілі 2007 жылы ХДСЖҚ-ның алдағы үш жылдық кезеңге арналған Бизнес-жоспарын әзірлеуде және IADI-дің ағымдағы және келесі қаржы жылдарына арналған бюджеттерін бекітуде түйінді тұғырнама ұстанды. Сонымен бірге ол Атқару Комитетінің қарауына IADI-дің бюджеттік саясатын және Қауымдастықтың бірқатар басқа да ішкі құжаттарын әзірлеп, ұсынды.

Бұдан басқа Қор IADI-дің Атқару Комитетінің жұмысына тікелей қатысады. Қордың қызметкері IADI мүшелерінің Депозиттерді сақтандырудың исламдық жүйесін құрылуы мен жұмыс істеуін, осы жүйенің ақпарат алмасу және проблемаларын талдау тәжірибесін зерттеу үшін құрылған Ислам банкингі және депозиттерді сақтандыру жөніндегі жұмысшы тобының құрамына кіргізілген.

2007 жыл ішінде Қордың өкілдері Вашингтонда және Стамбулда өткізілген IADI-дің Атқару Комитетінің бірқатар мәжілістері мен семинарларына қатысты. 2007 жылдың қазан айында Қордың өкілдері IADI-дің Куала-Лумпурдегі (Малайзия) алтыншы жыл сайынғы конференциясы мен жылдық жиналысына қатысты.

ХДСЖҚ ауқымында Қор Азиялық және Евразиялық аймақтық комитеттеріне қатысушы болып табылады. Қордың бұл саладағы қызметі түрлі елдердің депозиттерді сақтандырушыларымен және халықаралық қаржы ұйымдарымен практикалық тәжірибе алмасу жолымен депозиттерді сақтандыру жүйесін дамытуға жәрдемдесуге бағытталған.



IADI-дің Куала-Лумпурдағы жылдық жиналысы, Малайзия

Есепті жылдың қазан айында Қордың қызметімен және өкілеттіктерімен, Қазақстан Республикасындағы депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеу қағидаттарымен және шарттарымен, оның заңнамалық базасымен танысу мақсатында Қорда Қырғызстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдері үш күндік жұмыс сапарымен болып қайтты.



Қырғызстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдері және Қордың Бас директоры

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ТАЛДАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыты өз тәуекелдерін барынша азайтып, басқарып отыратын жүйеге бірте-бірте көшу болып қала береді. Осы міндет ауқымында Қор есепті жылда мынадай жұмыстар атқарды:

Қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерінің жобасын енгізу

Есепті кезеңде қатысушы банктер сараланған мөлшерлемелерінің жүйесі негізінде міндетті күнтізбелік жарналарын төлей бастады.

2007 жыл ішінде Қордың қызметкерлері үшін есеп айырысу ісін жеңілдету, сондай-ақ деректерді пайдалану тәуекелдерін немесе есеп берісу және қатысушы банктердің жіктелген топтарын белгілеу ісінде жіберілетін қателіктерді азайту мақсатында сараланған мөлшерлемелерін белгілеу ісін автоматтандыру жөнінде белсенді жұмыс жүргізді. Осы міндеттерді іске асыру үшін Қор конкурстық негізде бағдарламалық қамтамасыз ететін «Азия Софт» ЖШС талдама әзірлеуші компанияны тартты. Қатысушы банктердің жіктелген топтарын белгілеу үшін пайдаланылатын есеп беру

нысанына бірқатар өзгерістер енгізілуіне байланысты атқарылған жұмысты қайта қарау және өзгерту қажеттігіне орай жобаны іске асыру 2008 жылға дейін ұзартылды.

Қатысушы банктердің тарапынан сараланған мөлшерлемелер әдістемесін жақсарту және қаржы нарығының өзгеріп тұратын шарттарына бейімдеу жөнінде ұсыныстар мен тілектерді жинастыру мен талдау жұмысы жалғастырылды.

Қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттердің есебін жүргізу

Қордың кепілдік берілген өтемді заңнамада белгіленген мерзімде төлеуге дайын еместігінің және қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда Қордың міндеттемелерін тез әрі сыпайы түрде белгілеу мүмкін еместігінің тәуекелін азайту Қордың басым бағыттарының бірі болып қала береді. Әсіресе бұл тәуекелдер «Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамы мәжбүрлеп таратудың бас кезінде күшті байқалды.

Осынау проблеманы шешу мақсатында Қор кепілдік берілген депозиттерді автоматтандыру есебін жүргізу жөніндегі нысан мен талаптарды әзірледі. Оған қоса кепілдік берілген өтем есебі банктерге орындау үшін жіберілді. Қордың директорлар кеңесінің шешімімен қатысушы банктер үшін олардың компьютерлік ақпараттық жүйелерінің ұсынылған талаптарға бейімделу мерзімін белгіледі.

2008 жылы Қор үшін басым бағыттардың бірі қатысушы банктер үшін олардың компьютерлік ақпараттық жүйелерінің Қор ұсынған талаптарға сәйкестігін тексеру болып табылады.

Қазақстанда Ислам банкингін ендіру перспективалары

Қордың өкілдері Қазақстан Республикасында Ислам банкингін ендіру жөніндегі Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының жұмыс тобының құрамына кіргізілген. Аталған жұмыс тобы Республиканың заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге, оның ішінде біздің мемлекетімізде ислам банкингін енгізу жіне тиімді мемлекеттік реттеуге жәрдемдесуге тиіс нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге жауапты.

Қазақстанда Ислам банкингін енгізу депозиттерге міндетті түрде кепілдік беру жүйесінің, сондай-ақ міндетті күнтізбелік жарналарының сараланған мөлшерлемелерінің жүйесінің қызметін реттейтін заңға бейімдеуін талап етеді.

Қазақстанда Ислам банкингі бойынша қандай да бір тәжірибенің жоқтығына байланысты Қордың өкілі осы саладағы халықаралық тәжірибені неғұрлым нақты зерттеу мақсатында IADI шеңберінде тиісті жұмысшы тобының құрамына кірді.

ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕРДІ МӘЖБҮРЛЕП ТАРАТУ ІСІН ӘЗІРЛЕУ

Қор өз тәуекелдерін тиімді басқару мақсатында есепті жылы банкрот болған банктерді тиімді тарату саласындағы халықаралық тәжірибені зерттеу ісін жалғастырумен болды. Қордың қызметкерлері мәжбүрлеп таратылған «Валют-Транзит Банк» акционерлік қоғамының уақытша әкімшілігі мен тарату комиссияларының құрамына қатысты. «Қазақстанның Наурыз банкі» АҚ және «Валют-Транзит Банк» АҚ уақытша әкімшіліктері мен тарату комиссияларының құрамдарына қатысу барысында алынған практикалық тәжірибе негізінде Қор Республиканың заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлей беру мақсатында проблемалық мәселелерді жинау мен талдау ісін жүзеге асыруда.

«Центраудит-Қазақстан» НАК ЖШС
Директоры
(Аудиторлық қызметпен айналысуға
1999 жылы 27 желтоқсанда
берілген №0000017 мемлекеттік
лицензия)
В.В. Радостовец
2008 жыл 22 ақпан

АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ

«Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік беру Қоры»¹ Акционерлік Қоғамының беріліп отырған қаржылық есебіне аудит жүргіздік. Ол 2007 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстан, пайда мен шығын туралы есептен, меншікті капиталындағы өзгерістер туралы есептен, осы күні аяқталған жылғы ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының елеулі бөліктерін қысқаша суреттеуден және басқа түсіндірме ескертпелерден тұрады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген нысандағы Халықаралық қаржы есебіне сәйкес осы қаржылық есепті әзірлеп, дұрыстап ұсынуға Қоғамның басшылығы жауап береді. Бұл жауапкершілікке алаяқтықтан немесе қателіктен туатын елеулі бұрмалаулары жоқ қаржы есебін әзірлеп, дұрыстап ұсынуға байланысты ішкі бақылауды әзірлеу, енгізу және қолдау, тиісті есе саясаты таңдау және қолдану, сондай-ақ есеп айырысу бағаларының негізділігі кіреді.

20

Біздің жауапкершілігіміз өзіміз жүргізген аудит негізінде осы қаржы есебі туралы пікір білдіру болып табылады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес өткіздік. Бұл стандарттар бізді этикалық талаптарды орындауға, сондай-ақ аудитті қаржы есебінде елеулі бұрмалаулар болмайтынына сенімділікпен өткізуге міндеттейді.

Аудитке қаржы есебіндегі сомалар мен ақпараттарды ашу жөніндегі аудиторлық дәлелдер алу үшін іс-әрекеттерді орындау кіреді. Таңдап алынған іс-әрекеттер аудитордың ой-пікіріне байланысты. Оған қаржы есебіндегі алаяқтықтан немесе қателіктен туатын елеулі бұрмалаулар тәуекелін бағалау кіреді. Мұндай тәуекелдерді бағалаған кезде біз Қоғамның ішкі бақылауының тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатымен емес, жағдайларға сай келетін аудиторлық іс-әрекеттерді әзірлеу мақсатымен Қоғамның қаржы есебін әзірлеуге және дұрыс ұсынуға байланысты ішкі бақылауды зерделедік.

Аудитке сондай-ақ басшылық жасаған қолданылатын есеп саясатының сипаты мен есеп айырысу бағаларының негізділігінің қолайлылығын, сондай-ақ қаржы есебінің жалпы түсінігін бағалау кіреді.

Біз өзіміз алған аудиторлық дәлелдер пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және ойдағыдай негіз болып табылады.

Біздің пікірімізше Қоғамның қаржы есебі «Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік беру Қоры» Акционерлік Қоғамының 2007 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайының барлық елеулі қырлары бойынша дұрыс берілген, осы күні аяқталған жылғы қызметтің қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 04.05.2007 ж. №98 қаулысымен бекітілген нысандағы Халықаралық қаржы есебінің стандарттарына сәйкес жасалды.

«Центраудит-Қазақстан» НАК ЖШС аудитору
Аудитор куәлігі №465, 14.11.1998 ж. берілген

Таскаева И.К.

¹ «Қазақстанның Депозиттерге Кепілдік беру Қоры» Акционерлік қоғамы – Қоғам.

БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС 2007 жыл

(қазақстандық теңгемен)

Көрсеткіштердің атауы	Ескерту	Ағымдағы есеп беретін күні	Өткен кезеңнің есеп беретін күні
1 бөлім. Қысқа мерзімді активтер			
Қаражат құралдары (1010-1070)	1	14 180 166	283 992
Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары, барлығы, соның ішінде:	2	9 175 967	5 217 763
Қысқа мерзімде берілген қарыздар (1110)			
Саудаға берілген қысқа мерзімді қаржы активтері (1120)			
Өтеуге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар (1130)			
Қолма-қол сатуға арналған қысқа мерзімді қаржы инвестициялары (1140)		9 175 967	5 217 763
Басқа қысқа мерзімді қаржы инвестициялары (1150)		0	0
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек, барлығы, соның ішінде:	3	1 201 433	924 051
Сатып алушы мен тапсырыс берушінің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі (1210)		0	0
Еншілес, ассоциациялық және біріккен ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі (1220,1230)			
Жұмысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешектері (1250)		76	16
Аренда бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек (1260)			
Алуға қысқа мерзімді сыйақы (1270)		54 415	141 251
Басқа қысқа мерзімді берешек (1280)		1 146 942	782 784
Күдікті талаптар бойынша резерв (1290)			
Қорлар, барлығы, оның ішінде:	4	415	416
Шикізат пен материалдар (1310)		415	416
Дайын өнім (1320)			
Тауарлар (1330)			
Аяқталмаған өндіріс (1340)			
Басқа қорлар (1350)			
Қорларды есептен шығару бойынша резерв (1360)			
Ағымдағы салық активтері (1400)	5	12	2
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер, барлығы, оның ішінде:			
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер (1510)			
Сатуға арналған шығарылған топтар (1520)			
Басқа қысқа мерзімді активтер, барлығы, оның ішінде:	6	2 791	282 982
Берілген қысқа мерзімді аванстар (1610)		2 056	282 707
Келер кезең шығындары (1620)		735	275
Басқа қысқа мерзімді активтер (1630)			

Қысқа мерзімді активтердің қорытындысы		24 560 784	6 709 206
2 бөлім. Ұзақ мерзімді активтер			
Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары, барлығы, оның ішінде:	2	1 990 850	7 613 331
Ұзақ мерзімді берілген қарыздар (2010)			
Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар (2020)			
Қолма-қол сатуға арналған ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары (2030)		1 990 850	7 613 331
Басқа ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары (2040)			
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек, барлығы, соның ішінде:			
Сатып алушы мен тапсырыс берушінің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі (2110)			
Еншілес, ассоциациялық және бірлескен ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі (2120, 2130)			
Жұмысшылардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешектері (2150)			
Аренда бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек (2160)			
Алуға ұзақ мерзімді сыйақы (2170)			
Басқа ұзақ мерзімді берешек (2180)			
Қатысу үлесі әдісімен ескерілген инвестициялар (2200)			
Жылжымайтын мүлік инвестициялары, барлығы, оның ішінде:			
Жылжымайтын мүлік инвестициялары (2310)			
Жылжымайтын мүлік инвестицияларын амортизациялау және құнсыздандыру (2320)			
Негізгі қаражаттар, барлығы, оның ішінде:	7	5 167	5 413
Негізгі қаражаттар (2410)		12 699	11 158
Негізгі қаражаттарды амортизациялау және құнсыздандыру (2420)		-7 532	-5 745
Биологиялық активтер (2500)			
Гудвилл			
Материалдық емес активтер, барлығы, оның ішінде:	8	819	1 413
Басқа материалдық емес активтер (2730)		1 873	1 873
Басқа материалдық емес активтерді амортизациялау және құнсыздандыру (2740)		-1 054	-460
Кейінге қалдырылған салық активтері (2800)	9	1 200	704
Басқа ұзақ мерзімді активтер, барлығы, оның ішінде:	10	2 408	7 200
Берілген ұзақ мерзімді аванстар (2910)		0	7 200
Келер кезең шығындары (2920)			
Аяқталмаған құрылыстар (2930)		2 408	0
Басқа ұзақ мерзімді активтер (2940)			
Ұзақ мерзімді активтер қорытындысы		2 000 444	7 628 061
Баланс		26 561 228	14 337 267

3 бөлім. Қысқа мерзімді міндеттеме			
Қысқа мерзімді қаржы міндеттемесі, барлығы, оның ішінде:		0	0
Қысқа мерзімді банк қарыздары (3010)			
Алынған қысқа мерзімді қарыздар (3020)			
Дивиденттер мен қатысушылар кірісі бойынша қысқа мерзімді берешек (3030)			
Ұзақ мерзімді қаржы міндеттемесінің ағымдағы бөлігі (3040)			
Басқа қысқа мерзімді қаржы міндеттемесі (3050)			
Салық бойынша міндеттеме (3110-3190)	11	2	56
Басқа міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттеме (3200)		0	21
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек, барлығы, оның ішінде:	12	18 730	634 877
Жеткізушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек (3310)		561	93 835
Еншілес ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек (3320)			
Ассоциацияланған және бірлескен ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек (3330)			
Еңбекті төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек (3350)		531	227
Аренда бойынша қысқа мерзімді берешек (3360)			
Ұзақ мерзімді кредиторлық қарыз өтеудің ағымдағы бөлігі (3370)			
Төлеуге қысқа мерзімді сыйақы (3380)			
Басқа қысқа мерзімді кредиторлық берешек (3390)		17 638	540 815
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемесі (3400)	13	7 445	19 634
Басқа қысқа мерзімді міндеттеме, барлығы, оның ішінде:		0	0
Алынған қысқа мерзімді аванстар (3510)			
Келер кезең кірістері (3520)			
Сатуға арналған шығару тобының міндеттемелері (3530)			
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелер (3540)			
Қысқа мерзімді міндеттеме қорытындысы		26 177	654 588
4 бөлім. Ұзақ мерзімді міндеттеме			
Ұзақ мерзімді қаржы міндеттемесі, барлығы, оның ішінде:			
Ұзақ мерзімді банк қарыздары (4010)			
Ұзақ мерзімді алынған қарыздар (4020)			
Басқа ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелері (4030)			
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек, барлығы, оның ішінде:			

Жеткізушілер мен мердігерлерге ұзақ мерзімді берешек (4110)			
Еншілес ұйымдарға ұзақ мерзімді берешек (4120)			
Ассоциацияланған және бірлескен ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек (4130)			
Аренда бойынша ұзақ мерзімді берешек (4150)			
Төлеуге ұзақ мерзімді сыйақы (4160)			
Басқа ұзақ мерзімді кредиторлық берешек (4170)			
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемесі (4200)			
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі (4300)			
Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер, барлығы, оның ішінде:			
Алынған ұзақ мерзімді аванстар (4410)			
Келер кезең кірістері (4420)			
Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелер (4430)			
Ұзақ мерзімді міндеттеменің қорытындысы			
5 бөлім. Кепілдік беру резерві			
Салымға кепілдік беретін Қазақстан фондының салым бойынша төлемге арналған резерві	14	10 478 883	11 984 073
Кепілдік беру резервінің қорытындысы		10 478 883	11 984 073
6 бөлім. Капитал			
Шығарылған капитал, барлығы, оның ішінде:		16 000 000	1 000 000
Жарияланған капитал (5010)	14	16 000 000	1 000 000
Төленбеген капитал (5020)			
Эмиссиялық кіріс (5100)			
Төлеп алынған жеке үлес құралдары (5200)			
Резервтер, барлығы, оның ішінде:		-393 683	191 764
Құрылтай құжаттарымен орнатылған резервті капитал (5310)	14	10 000	10 000
Бағалау резерві (5320: 5321, 5322, 5323)	14	-403 683	181 764
Шетел қызметі бойынша шетел валюталарын есептеу резерві (5330)			
Басқа резервтер (5340)		0	0
Таратылмаған кіріс (жабылмаған залал), барлығы, оның ішінде:		449 851	506 842
Есеп жылының пайдасы (залалы) (5410)		449 851	0
Есеп саясатын өзгерту нәтижесінде пайданы (залалды) түзету (5420)			
Алдыңғы жылдың пайдасы (залалы) (5430)		0	506 842
Капитал қорытындысы		16 056 168	1 698 606
Баланс		26 561 228	14 337 267

АҚШАНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2007 ЖЫЛ

Көрсеткіштер атауы	Сомасы
1	2
Операциялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы	
Есеп кезеңіндегі таза пайда	449 851
Бастапқы есеп кезеңіндегі таза пайда	0
Соңғы есеп кезеңіндегі таза пайда	449 851
Таза пайданы түзететін операциялар:	
Есептелген амортизация мен құнсыздандыру	2 381
Күдікті үлес, қорларды есептен шығару бойынша есептелген резервтер	0
Есептелген кірістер	-566 368
Есептелген шығындар	37 042
Активтер мен міндеттемелерді өзгерту:	
Материалдық-тауар қорларын өзгерту	-2 406
Сатып алушы мен тапсырыс берушінің берешек сомаларын өзгерту	
Келер кезең шығындарын өзгерту	9 670
Берілген аванстарды өзгерту	287 850
Басқа дебиторлық берешекті өзгерту	-23 543 614
Басқа активтерді өзгерту	0
Жеткізушілер және мердігерлермен есепті өзгерту	-13 054
Келер кезең кірістерін өзгерту	458 763
Алынған аванстарды өзгерту	0
Бюджетпен есепті өзгерту	-3
Басқа кредиторлық берешектерді өзгерту	22 771 812
Басқа міндеттемелерді өзгерту	
Операциялық қызмет нәтижесінде ақша қаражаттарын үлкейту (+), кішірейту (-)	
	-108 076
Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы	
Қаржы инвестициясын өзгерту	1 421 508
Басқа ұзақ мерзімді активтерді өзгерту	
Берілген қарызды өзгерту	
Негізгі қаражатты өзгерту	-1 541
Сатып алынғаны	0
Өткізілгені	-1 541
Материалды емес активтерді өзгерту	
Сатып алынғаны	
Өткізілгені	
Басқа өзгертулер	
Операциялық қызмет нәтижесінде ақша қаражаттарын үлкейту (+), кішірейту (-)	
	1 419 967
Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы	
Шығарылған капиталды өзгерту	

Алынған қарызды өзгерту, оның ішінде:	
Шын мәнінде	
Курстық айырмашылық	
ҚР ҰБ-ға таратылмаған кірісті аудару	
Басқа өзгерістер	12 987 967
Активтерді бағалау	-403 683
Операциялық қызмет нәтижесінде ақша қаражаттарын үлкейту (+), кішірейту (-)	12 584 284
ҚОРЫТЫНДЫ: Ақша қаражаттарын үлкейту (+) / кішірейту (-)	+13 896 174
Есепті кезең басында ақша қаражаттары	283 992
Есепті кезең соңында ақша қаражаттары	14 180 166

ПАЙДА МЕН ШЫҒЫН ТУРАЛЫ ЕСЕП 2007 жыл

Көрсеткіштер атауы	Ескерту	Есепті кезеңде	Алдыңғы кезеңде
1	2	3	4
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтен кіріс (шығыс)			
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны (7000)			
Пайданың жалпы көлемі			
Қаржыландырудан кіріс (6100)	15	573 085,00	621 253
Басқа кірістер (6200)	16	126 132,00	322 449
Әкімшілік шығындар (7200)	17	136 616,00	117 912
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызмет бойынша шығындар (7100)			0
Қаржыландыру шығындары (7300)			27 041
Басқа шығындар (7400)	18	113 246,00	292 447
Қатысу үлесі әдісі бойынша есептелетін еншілес ұйымның пайда/шығын үлесі			
Жалғастырушы қызмет кезеңінен пайда (залал)		449 355,00	506 302
Тоқтатылған қызметтен пайда (залал)		0,00	0
Салық салуға дейінгі пайда (залал)		449 355,00	506 302
Бірлескен кіріс салығы бойынша шығындар (7700)	19	-496,00	-540
Таза пайда (залал)		449 851	506 842

ЖЕКЕ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП
2007 жыл

Атауы	Жарғы капиталы	Резерв капиталы	Инвестицияны бағалау	Негізгі қаражатты бағалау	Таратылмаған пайда (залал)	Қорытынды капитал
Есепті кезеңнің 1-қаңтарына сальдо	1000000	10000	181655	109	506842	1698606
Саяси есептегі өзгеріс						
Қайта саналған сальдо						
Негізгі қаражатты бағалау				(9)		(9)
Қолма-қол сатуға арналған құнды қағаздар бағасын өзгерту			(585438)			(585438)
Ағымдағы ақшаны сақтандыру						
Басқа операциялардан пайда (залал)						
Тікелей капиталдың өзінде танылған пайда/залал						
Кезеңдегі пайда/залал						
Кезеңдегі барлық пайда/залал					(56991)	(56991)
Дивидендтер						
Акция эмиссиясы	15000000					15000000
Сатып алынған акциялар						
Ішкі аудармалар						
Оның ішінде:						
Жинақталған негізгі қаражатты бағалау						
Резервті капиталды қалыптастыру						
Басқа операциялар						
Есепті жылдың 31 желтоқсанына сальдо	16000000	10000	(403783)	100	449851	16056168
Алдыңғы жылдың 1-қаңтарына сальдо	1000000	10000	0	0	0	1010000
Саяси есептегі өзгеріс						
Қайта саналған сальдо						

Негізгі қаражатты бағалау				109		109
Қолма-қол сатуға арналған құнды қағаздар бағасын өзгерту			181655			181655
Ағымдағы ақшаны сақтандыру						
Басқа операциялардан пайда (залал)						
Тікелей капиталдың өзінде танылған пайда/залал						
Кезеңдегі пайда/залал						
Кезеңдегі барлық пайда/залал					506842	506842
Дивидендтер						
Акция эмиссиясы						
Сатып алынған акциялар						
Ішкі аудармалар						
Оның ішінде:						
Жинақталған негізгі қаражатты бағалау						
Резервті капиталды қалыптастыру						
Басқа операциялар						
Алдыңғы жылдың 31 желтоқсанына сальдо	1000000	10000	181655	109	506842	1698606